

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

# БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ



*Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым*



**J00049**

*25.06.2020 ж*

**2**

**0**

**2**

**0**

**ТЮЛЕЕВА КЛАВДИЯ  
УТЕГЕНОВНА**

*СҚО, Жамбыл ауданы, Жаңажол ауылы  
«Г.Мүсірепов атындағы ЖОББМ» КММ  
Мектеп директоры*

# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

## БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

25.06.2020 жыл | № J00049

**Білім беретін, ғылыми,  
танымдық, жарнамалық басылым**

-----  
МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

-----  
«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың

авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.

Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

-----  
Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.

Куәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

-----  
Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2020 жыл Телефон: 8 777 055 0590

## **БІЗДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ**

*СҚО, Жамбыл ауданы, Жаңажол ауылы  
«Ғ.Мүсірепов атындағы ЖОББМ» КММ  
Мектеп директоры Тюлеева Клавдия Утегеновна*

Елімізде маңызды кезеңдер болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 10 бағытын іске асыруда өз үлесімізді қоса білсек, біздің мемлекет дамып, Елбасы қойған 30 дамыған елдің қатарына енеміз деген ойдамын.

Кез келген қоғамның басты құндылығы-оның өскелең ұрпағы.

Қазақстан президенті: «Мектеп - қоғамды өмір сүруге, оның ережелеріне бағынуға үйрете отырып өмірдің алғашқы сабақтарын береді.

Біз барлығымыз да балаларымыздың өнегелі, нақты сенім-нанымы бар тәртіпті, өз іс -әрекеттеріне жауап бере алатын азаматтар болып өсуіне күш жігерімізді жұмсаймыз.

Қазіргі мектеп білім берудің тұлғалық – бағдарланған стратегиясын іске асыруға бағытталған. Оның негізгі идеясы – оқушыларға механикалық түрде білім беру емес, олардың табиғи қабілеттері мен әлеуметтік мүдделеріне баса назар аудара отырып, өмірлік жоспарларын жүзеге асыруларына кең мүмкіндіктер жасайтын білім кеңістігін құру.

Мектеп Жаңажол ауылында орналасқан. Мектепте биылғы оқу жылында 68 оқушы бар. Мектеп алды дярлық сыныбында 5 бала тәрбиеленуде.

Бастауыш буында- 24, ортаңғы буында -18, жоғары буында-21 оқушы.

Оның 5-і биылғы жылдың түлектері. Мұғалімдер саны -23 .

Мектеп ғимараты жыл сайын жөндеуден өтіп тұрады. Мұғалімдерді толықтырылу мақсатында жаңадан жұмысқа келгендер білімін жетілдіру курстарынан өтті. Мектебіміз жас мамандармен де толықтырылып отырылады.

Дипломмен ауылға бағдарламасы аясында, келіп еңбек етіп жатқан 6 мұғалім.

Мұғалім - мектеп тірегі. Қандай мұғалім болса, мектеп те соған сай болмақ, яғни оқушылардың білім деңгейі мұғалімнің қаншалықты дайындықтан өткендігіне тікелей байланысты болады. Мектебіміздегі мұғалімдер дерлік арнайы курстардан өтіп, өз білімдерін шындап отырады. Әр мұғалім жаңа технология үрдісін қолданады. 5 жастағы балалар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды толық меңгерген. Арнайы оқу бағдарламасы бойынша оқытылады. Дайындық тобының арнайы курстарынан өтіп келген мұғалімдер оқытады. Оқушылар тегіс оқулықтармен қамтылған.

Мектеп жанында 3-5 жастағы балаларға арналған шағын орталық жұмыс істейді. Балалар таңертеңнен кешке дейін дейін шағын орталықта болып, оқиды, ойнайды, демалады. Арнайы ойнайтын бөлме мебельдермен жабдықталған. Шағын орталықта 2 тәрбиеші жұмыс істейді, дайындық курстарынан өткен. Сонымен қатар, 4 адам жұмыспен қамтылып отыр.

Мектепке дейінгі жастағы мүмкіндігі шектеулі балалар жоқ.

Мектепке дейінгі білім беру мен оқытудағы материалдық жағдай қазіргі заман талабына сай деп айтуға болады. Өйткені мектепке даярлық топқа және шағын орталыққа арналған арнайы сынып бар. Мұғалім мен тәрбиеші өздеріне берілген арнайы сағат бойынша жұмыс жүргізеді.

Жалпы орта білім берудегі материалдық-техникалық жағдайы жақсы. Мектепте ашық мұражай бар. Мектепте 16 оқу кабинеті бар.

Арнайы жабдықталған 2 оқу кабинеті бар. Кітапхана оқушыларға арналған оқулықтар мен әдеби кітаптармен толықтырылған. Оның ішінде көпбалалы отбасының балалары бірінші кезекте қамтылады. Оқушылар оқулықтармен толығымен қамтамасыз етілген.

Мектептегі асхана жағдайы: Мектепте 60 орынды оқушылар тамақтанатын асхана бар. Асханада 1 аспазшы жұмыс істейді. Балалар тегін тамақпен қамтылған.

Мектептегі көпбалалы отбасы мен әлеуметтік жағдайы төмен отбасының балалары тегін киіммен қамтылады. Оларға арнайы бюджеттен бөлінген қаржыға киім алынып беріледі. Мектептегі мұғалімдердің көмегімен де көмек көрсетілді.

Оқушылармен сынып сағаттары, конференция, әр түрлі конкурстар өткізіледі. Жұмыс жоспары бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу шараларына байланысты және патриотизмге тәрбиелеу мақсаттарында іс-шаралар жүргізілді. Мектептегі үйірме жұмысына қатысатын балалар саны өсті.

Тәрбие жұмысының мақсаты: Дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар – ождан мол, еңбекқор, іскер, егеменді еліміздің ертеңін нұрлы етер барыс текті намысты ұрпақ тәрбиелеу.

Мектеп білім беруді іске асырмас бұрын өзінің алдына әр оқушыны төмендегі бағыттарда тәрбиелеу мақсатын қойды.

- Адамгершілікті, адамзатқа тән құндылықтарды ұғындыру.
- Еңбекке дайын, денесі шыныққан тұлға тәрбиелеу
- Отан сүйгіш, ұлтжанды азамат болуға тәрбиелеу
- Ата – аналарды мектеп оқу – тәрбие жұмысына тарту, мектептің басқа да байланыс бағыттарын кеңейту арқылы тәрбие мәселелерін шешу.
- Салауатты өмір салтын уағыздау.

**Біздің жетістіктеріміз:** 2016-2017 оқу жылында 1 алтын белгі, 1 ерекше аттестат иегерлері шықты. Және де 1 оқушымыз «Яссауитану» халықаралық білім байқауына қатысып, алғыс хатпен марапатталды. Республикалық КАТЕV қазақ тілі олимпиадасына қатысып, алғыс хатпен марапатталды.

Биылғы оқу жылында оқушыларымыз әлеуметтік жобаға қатысып облыс бойынша 2 орынды иеленді. Мектептің 10 сынып оқушысы Қазақстандық жас патриоттар Академиясының белсенді мүшесі болып саналады.

Оқушыларды салауатты өмір салтына бағыттау мақсатында мектепте апта бойы жүргізілетін волейбол, грек-рим күресі, теннис, аяқ добы, шахмат

үйірмелері жүргізіледі. Сонымен, мектептегі тәрбие одан әрі дамуы, оған лайық бағыт – бағдардың оңтайлы жағын іздеп, мұғалімдерге меңгертуге байланысты.

Жаңаша оқыту мен тәрбиелеуде, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәрбие арқылы оқушылардың белсенділігін, шығармашылығын арттыру, дарынды оқушылардың қабілетін жетілдіруге баса назар аударылды.

Ұстаздар қауымы өз шәкірттеріне жеке тұлға ретінде қарап, олардың қабылдауына, мінез – құлқына, бейімділігіне қарай жұмыс жүргізеді. Егеменді еліміздің болашағы дарынды ұрпақ. Сол дарынды ұрпақты қалай бағыт берсек, солай жетіледі. Бүгінгі күні өз елін сүйетін, адамгершілігі биік, ақыл – ой, парасаты терең, еңбексүйгіш жастарды тәрбиелеу негізгі мақсатымыз екенін біздің педагогикалық ұжым анық түсінеді.

Қазіргі мектеп қабырғасында дамып жетілген жас ұрпақ, ертеңгі ел болашағын жасаушы қайраткер. Сондықтан бала бойында өзі жайлы сыр берген болмашы жақсы нысанды одан әрі дамытып, жаман нышанды дер кезінде тоқтата білуге үйрететін іс- шаралар өтеді. Жас ұрпақ тәрбиесі- адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Адамның бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі, білімді ұрпаққа байланысты. 2019 жыл - Жастар жылы деп жарияланғандықтан, «Жас маман», «Жастар - ел тірегі» бағдарламаларын толыққанды жүзеге асыруға тиіспіз.

Жыл сайын жоғары білімді мамандар саны артып келеді.

• Педагогикалық қызметте еңбек өтілдері бойынша 9-16 жыл аралығында мұғалімдер саны артып келеді.

• Бастауыш сыныптың барлық оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

• Мектеп интернет жүйесіне қосылған.

• Даярлық сыныбындағы оқушылар саны артып келеді.

• Мектепте 15 орынды шағын орталық жұмыс істейді.

• Мектеп 1 ауысымда жұмыс істейді.

• Мектептегі жұмыскерлердің саны тұрақты.

• Жыл сайын мектепте жөндеу жасалып отырылады.

• Мектеп айналасында көркейту- көгалдандыру жүргізіледі.

• Мектеп кітапханасы жаңа оқулықтармен толықтырылып отырылады.

• Мектептің жылу жүйесі де жыл сайын жөндеуден өткізіледі.

• Материалдық-техникалық жағдай орташа деңгейде.

• Мектепте бау-бақша бар

Мемлекет басшысы айқындап берген жаңа міндеттер елімізді дамудың жаңа дәңгейіне шығарады деген сенімдемін. Президенттің 10 бағытын іске асыруда өз үлесімізді қоса білсек, біздің мемлекет дамып, Елбасы қойған 30 дамыған елдің қатарына енеміз. Ең бастысы Елбасының жодауы осы бағытта өз орынын табады деген сенімдемін.

\* \* \* \* \*

## **Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бәсекеге қабілетті болашақ ұрпақты тәрбиелеу**

Білім беру ісіндегі тәрбиенің орны қай кезде де маңызын жоймайды. Өйткені, білім беру ісі патриотизм, адамгершілік, рухани даму, заңға бағынушылық сияқты құндылықтармен астаса жүруі керек екендігі қоғам тарапынан қолдау тауып отырғанын айтуымыз керек. Айтылғандардың бәріне немқұрайлылықпен қарамай, тәрбие ісінде ұсақ – түйек болмайтындығын барлығымыз жете түсініп, ата – ана, қоғам мүшесі ретінде көзқарасымызды айқын танытып, жастарымыздың бойына адами құндылықтарды сіңіре білсек, нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені, осы орайда, біздің алдымызда тәрбие жұмысын түбіріне қайта құру міндеті тұр. Жас ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беру отбасынан, балабақшадан және орта мектептен бастау алады. Себебі, қоғамның аса маңызды құндылықтарының бірі – білім.

Сондай – ақ, оқушыларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұғындыруының маңыздылығы, орта білім беру жүйесінде жалпы мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегідей оқыту деңгейіне жеткізу керектігін шегелей түскені мәлім. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуі, сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдауға машықтануы да қажет. Оқу үлгерімі жоғары студенттер мен оқушыларға қолдау көрсетудің тиімді жүйесін құру қажеттігін алға тартты. Мұның өзі жас жеткіншектерді қолдап, жас ұрпақтың алаңсыз білім алуы үшін қолға алынып отырған игі ісі. Білім сапасын көтеріп, мұғалім беделін арттыру, жаңа мектеп, балабақша салу сынды жұмыстар Елбасы тапсырмасына сәйкес кезең – кезеңімен жүзеге асырылуда.

Қазақстан ТМД елдерінің алғашқысы болып маман дайындаудың үш деңгейлі сатысына: бакалавр – магистр – PhD философия докторы үлгісіне көшті. Бұл Қазақстан үшін әлемдік стандартқа сай білім алу мүмкіндігін туғызды, білім сапасын жақсартуға ықпал етті. Дәстүрлі университеттер ендігі уақытта тек білім беру мен ағартушылық қызметті жүзеге асырып қана қоймай, инновациялық функцияны іске асыра отырып мемлекеттілік пен азаматтық қоғамды нығайтуға мүмкіндік жасайды.

Бүгінгі күннің жаңалығы ретінде мектептегі оқу – тәрбие үрдісінде Дінтану пәнін енгізу жоғарыда айтылған мәселелерді шешудің дұрыс таңдап алынған бағыты болары хақ. Қазіргі мектеп – бұл гуманистік, дамытатын бағыттағы, үйлесімді жеке тұлғаны тәрбиеге қабілетті ашық жүйе десек, қоғамның дамуына байланысты білім беру жүйесіне жаңа құндылықтар енуде, сонымен қоса білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда.

Қазіргі жаһандану кезеңінде өмір мен ғылым, оқушылар мен мұғалім еңбегі, сіз бен біздің қалай өзгеріске ұшырайтынымызды қайта ой елегінен өткізуді мұғалімнен талап ететін уақыт. Осы мәселелер қазіргі өзгермелі қоғамда полимәдениетті, көп ұлтты әрі поликонфессионалды кеңістікке араласуға

дайын, қабілетті тұлғаның дамуына бағытталған білім беру мен тәрбиелеу мазмұнын қайта қарауды талап етеді. Соның ішінде сапалы білім алу мәселесінің мәні артуда. Оны жаңа сапаға көтеру – қоғамдық мәселеге айналуға.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында: «білім беру жүйесі міндеттерінің бірі: ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық – саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру» - деп көрсетіледі. Ал бұл міндеттерді жүзеге асырудың шарттары ретінде: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу сияқты ауқымды мәселелер алынған.

Бұл өз кезегінде педагогтар алдында көп тілді меңгеру міндетін алға қояды. Осы міндетті жүзеге асыру үшін мектебімізде мультимедиялық құралдармен жабдықталған кабинет оқушылар мен мұғалімдердің игілігіне қызмет атқарады. Және де «Онлайн тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет» деген Елбасының тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында мектебіміздің 15 мұғалімі «Интерактивті тақтамен жұмыс жүргізу» семинарына қатысып, біліктіліктерін арттырады. Мектептегі мультимедия кабинеті заман талабына сай жасақталған. Үйренемін деген оқушыға да, үйретіп, білім нәрін беремін деген ұстанымы бар мұғалімге де толық мүмкіндік туғызылған. Барлық пәндер бойынша мазмұны қамтылған сабақтар бойынша практикалық көмек көрсетілуде.

Барша педагог қауымның алдында тұрған кезекті мақсат – 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу жағдайындағы педагогтардың кәсіби құзырлықтарының ғылыми - әдістемелік негіздерін қалыптастыру. Осы орайда, 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу кезеңдерінің талаптарына сай педагогтардың біліктілігін арттыру курстарынан өтуі қатаң ескертілуде.

Дегенмен, білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама – қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеп соғуда. Сол себепті мұғалімдердің әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог – мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды, олардың кәсіби компетенттілігі негізінде жүзеге асыру қажеттілігі туындайды. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігімен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Қазақстандық ғалымдарда ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігінде кіріктіру және қоғамдық сұраныстарға жауап беру мақсаттарына сәйкес, білім берудегі компетенттілік үлесіне зерттеулер жүргізіп, оны мектеп

практикасына енгізу мүмкіндіктерін қарастыра бастады. Өйткені, білімді компетенттілік тұрғысынан ұйымдастыру қоғамның мүддесіне де, білім саласы қызметкерлерінің мүддесіне де сай келеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Жапонияға барған кезекті сапарынан кейін: «Жаһандану кезеңінде ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу үшін біз көп нәрсені ескеруіміз қажет. Осы орайда, жапондықтардан үлгі алуға болады. Олар әлі күнге дейін кимоно киіп, храмға барса да, жоғары технологиялар саласында озық жаңалықтар ашумен ерекшеледі» дейді. Елбасы айтқандай жапондық оқушы үшін «Мұғалім культы» құнды принцип болып саналады.

Мектептің алдына қойған мақсаты анықталып, бүгінгі күнге дейін өзгермеген:

1.Өзін адам ретінде тереңінен сезінген баланы тәрбиелеу.

2.Ұлттық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін, толықтыратын және мәдениетті дамытатын баланы тәрбиелеу.

3.Өзін Жапония азаматы ретінде сезінген баланы тәрбиелеу.

4.Дені сау, белсенді баланы тәрбиелеу.

Ал мектептің міндеті – балаға рухани және дене бітімінің дамуын қалыптастыратын бастауыш білім беру болып табылады. Яғни, біздің білім беру жүйесіне ұқсайды, бірақ айырмашылығы – мектеп оқушыларына отбасынан басталатын ұлттық тәрбиені кейде терең ұғындыра алмауымыздан болуы мүмкін. Ата – бабаларымыз салып кеткен тәрбие соқпағы ғасырлар бойы қазақ халқының ұрпақтан- ұрпаққа жалғасып келе жатқан құндылығы. Олай болса, тәрбие бастауы ата – ана мен мұғалімімен балаға ұласып жатуы – шарттылық болып табылады.

Білім беру саласындағы мемлекеттің саясаттың басым бағыты өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесін дамыту болып табылады. Жоғары білім республика экономикасының барлық салалары үшін құзіретті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде, ғылым мен өндірісті біріктіруде маңызды рөл атқарады.

Жолдауда Мәңгілік Елге тән болуы тиіс тезистердің бәрі айтылды. Басқа салаларды сала мамандарды жіктеп айта жатар, мен өзім білім ордасында қызмет еткендіктен, жастарды тәрбиелеу, оқыту ізденіске – ғылымға баулу мәселесіне мән бердім. Жастар – қоғамдағы тегеуріні мықты күш. Президентіміз жастардың заман талабына сай қалыптасып, еңбек етуін, білім алуын, түрлі жаңашылдықтарды жете қабылдап, жастық күш – жігерлерін Отаны үшін жұмсағанын қалайды. Қалап қана қоймай жағдай туғызып отырады.

Ел дамуының сан – салалы бағыттарын жүйелеп, қордаланған мәселелерді шешудің, табысты болудың жолдарын айқындаған Елбасы Жолдауы еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін рух берді десем қателеспеспін. Ұлттық дәстүрмен ұрпақ тәрбиесін сабақтастырған салада жүріп, бүгінде ақ самайлы ақалман әжелердің басы – қасында болу заманауи қоғамға белсенділікпен



араласуды талап етеді. Аға буын кейінгі ұрпақтың білімі мен білігін, алапат күш – қуатына сүйсіне отырып, ұлттық тіл мен ділден, діннен алшақтамауға көп көңіл бөледі.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Еліміздің ертеңі, бүгіні жас ұрпақтың қолында, ол жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында», - деп ұстаздардың алатын орны ерекше екендігін тағы да бір нақтылап көрсеткендей. Мен мұғалім ретінде оқушылардың оқу үлгерімін, тәртібін жақсарту барысында жұмыс істесек, тәрбиеші ретінде әрбір оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, олардың ішкі жан сырын, ойын түсіне отырып, дұрыс жол сілтеу, бағыт – бағдар көрсету, белгілі бір іске деген қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытында жұмыс істеуіміз керек.

Жаңа белеске аяқ басқан әрбір адамға жақсы маман болып қалыптасуы үшін білім, тынымсыз еңбек, өзіне деген сенімділік, мақсатына жетуге деген ерік-жігер, тиянақтылық сияқты қасиеттер қажет. Осындай жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, еңбек жолын бастаған әрбір жас тәрбиеші өз мамандығы арқылы қоғамға, жалпы адамзатқа тигізер пайдасы көп екеніне сенемін. Қазіргі таңда жаһандану дәуірінде ғылым мен техниканың даму кезеңі. Білім ордаларына қойылатын талаптар да өзгеше: бәсекеге қабілетті, өзіне сенімді, шығармашыл, дарынды, көп тілді меңгерген, білімді жеке тұлға қалыптастыру. Соның ішінде ақпараттық технологияның даму қарқыны қоғамның дамуына жақсы әсер етуімен қатар, оқушыларымыздың тәлім-тәрбиесіне, оқу үлгеріміне өз зиянын тигізуде.

Білім алушыларымыздың барлығы бос уақыттарында дерлік ғаламтор желісінде отырып агрессивті мінез-құлқы қалыптастыратын ойындар ойнап, одан қалса көгілдір экран алдында шетелдік ән тыңдап, фильмдерін көріп отыратындығы барлығымызға аян. Аталған себептердің нәтижесінде оқушыларымыздың мінез-құлқында, тәлім-тәрбиесінде, өмірге деген көзқарастарында көптеген қиыншылықтар туындауда. Сонымен қатар, ата-аналардың бала тәрбиесімен айналысуға уақыттарының жеткіліксіздігі, балаларын материалдық тұрғыда қамтамасыз етіп, моральдық тұрғыда қолдауды ұмытып кетіп жатады. Бұл жерде мектеп психологтарына да артылар жүк ауыр.

Қорыта айтқанда, алдымыздағы бағындырар биіктер мен алынар асулар айқын, ендігі баршамыздың міндетіміз, осынау асқақ мұрат – мақсаттарды іске асыру үшін жан аямай еңбек ету. Мұғалімдер мерейін үстем етіп, келешектен зор үміт күттірген Жолдауға қашанда қолдау көрсету біздің басты міндетіміз. Елбасы Жолдауын алдымен қолдаушы да, жал-ғаушы да ұстаздар қауымы болмақ. Өйткені, біз мұғалімдер оқушыларға дұрыс бағыт – бағдар бере отырып, еліміздің болашағын қалауға ат салысушылармыз.